

Б. Е. Жақсыбаев

**Ғылыми жетекшісі: Б. Т. Жүзбаев, қылмыстық құқық және іс жүргізу кафедрасының профессоры
(«Фемид» Заң академиясы)**

ЕСІРТКІ ЖӘНЕ ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫ АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ

Адамның психикалық жағдайына тікелей әсер ететін өсімдіктің және синтетикалық негіздегі химиялық қосындылардың бәрін психикалық белсенді заттар деп атау көрсетілген.

Шектен тыс немесе шамадан қолдануға құнығуға шарт бойынша олардың жағымды немесе өзгеше психикалық тудыратындары итермелейді.

Егер қандай да бір психикалық белсенді заттар адам денсаулығы мен қоғам үшін аса қауіпті болып, мұнда жеткілікті экономикалық шығындар туса, онда есірткілік заттарға бақылау жасау бойынша комитеттің арнайы нормативтік актілерімен ол есірткілік зат деп танылады. Сондықтан есірткі (наркотик) — медициналық қана емес, сонымен қатар құқықтық (заң) анықтамасы деп айтуға толықтай негіз бар.

П. Д. Шабановтың пікірінше, «есірткі зат» термині медициналық, әлеуметтік және заңдық категорияны қамтиды. Бұл категориялар өзара тәуелді әрі құқықтық аспектіде затты есірткілік зат деп тек осы өлшемге сәйкес келген жағдайда ғана тануды қажет етеді. Медициналық өлшемнің мәні — өзін қабылдау нәтижесінде орталық жүйке жүйесіне арнаулы (ынталандырушы, седативті, галлюциногенді және т. б.) әсер ететін зат (дәрі-дәрмек) болуы қажет¹.

Әлеуметтік критерий затты дереу қабылдаудың таралу ауқымы бойынша әлеуметтік мәнге ие бола бастауын білдіреді.

Заңдық өлшемі жоғарыда айтылған екі алғы шарттан бастау алады және тиісті уәкілетті инстанцияның осы затты есірткілік зат деп танып, есірткі заттар тізіміне енгізуін талап етеді.

Н. А. Мирошниченко мен А. А. Музыка келесідей түсінік береді: «есірткі дегеніміз — шығу табиғатына қарай әртүрлі болатын (физикалық белгісі), айрықша масаю жағдайына, дағдылану мен есірткіге деген тәуелділікке әкелетіндей орталық жүйке әсер ете алатын (медициналық белгісі), тізімі арнаулы нормативтік актілерде бекітілген (заңдық белгісі), ал оларды шектен тыс тұтыну халық денсаулығына қауіп төндіретіндей салдарға әкелетін (әлеуметтік белгісі) заттар тобы².

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 наурыздағы № 186 қаулысымен бекітілген тізімінде медициналық мақсатқа пайдалануға тыйым салынған есірткі заттардың 72 атауы көрсетілген. Бұларға гашиш, наша, кокаин, каннабис, апиын және т. б. заттар жатады.

Есірткі заттар немесе психотроптық заттар — адамның психикалық функциясына әсер ететін қауіпті заттар. Тізім бойынша мұндай заттардың 38 атауы берілген. Оларға аминорекс, месхалин, метамфетамин, псилоцин т. б. жатады.

Психикалық ынталандырғыштармен жедел улануға терінің бозандығы, қарашықтың ұлғаюы, көздің ойнақшуы тән. Бұл есірткілерді қабылдаған адамдар де ойнақы. Олардың жоғары қимыл белсенділігі, айналасындағыларға жабысу байқалады. Сөйлеу жылдамдығы тез және жүйелі емес. Психикалық ынталандырушы (психостимуляторды) венаға енгізгенде әдетте қолдардағы көктамыр бойынан көптеген жасалған инъекциялардың орындары байқалады. Есірткі заттарын жүйелі, ұдайы қабылдау дене массасы тапшылығының артуымен, ұйқы бұзылуымен, неврологиялық ауытқулармен қоса қабат жүріп, орталық нерв жүйесінің диффузды зақымдалуын көрсетеді.

¹ Шабанов П. Д. Наркология. — М., 2003. 84-б.

² Мирошниченко Н. А., Музыка А. А. Уголовно-правовая борьба с наркоманией. — Киев-Одесса, 1998. 5-б.